

АНТАРКТИДА



АНТАРКТИДА




**Антарктида – Жер шарының
оңтүстік поляр аймағында
орналасқан ең суық және ең
биік материк**

**Ауданы – 12,4 млн шаршы
шақырым.**

**Материк атауы
«Арктикаға қарама-
қарсы» деген мағына
береді**

**Ең биік нүктесі –
Винсон тауы
(5140 м)**

**Ең төмен нүктесі –
Бентли ойысы
(– 2555 м)**



**Пайдалы
қазбалары:**

**Тас көмір
Слюда
Уран
Графит
Алмас
Алтын**



**Климаты өте
қатал
температура
қыста –60 –70 С,
жазда –30 –50 С
аралығында
болады**

**Жерінің 99%-ын
қалың мұз басып
жатыр, мұздың
орташа
қалыңдығы 1720
м-ден 4300 м-ге
жетеді**

Руаль Амундсен – Норвегияның ұлы саяхатшысы, Арктика мен Антарктиканы зерттеген зерттеуші. Оның есімі әсіресе 1911 жылы Оңтүстік полюске алғаш жеткен адам ретінде тарихта қалды. Ол мұздықтар мен ауа райы жайлы құнды мәліметтер жинады.



1912 жылы 17 қаңтарда Скотт пен оның серіктері (Эванс, Уилсон, Боувэрс, Оутс) Оңтүстік полюске жетті. Материк туралы өте құнды ақпараттар жинаған олар қайтар жолда түгел қайтыс болды

1820 жылы 28 қаңтарда орыс саяхатшылары Фаддей Беллинсгаузен мен Михаил Лазарев басқарған «Восток» және «Мирный» экспедициясы Антарктида материгін ресми ашты

•1957–1958 жж. Халықаралық геофизикалық жыл аясында Антарктидада көптеген ғылыми станциялар ашылды.

•1959 ж. «Антарктида шартына» қол қойылып, құрлық бейбіт мақсатта және ғылым үшін пайдаланылатын аймақ болып жарияланды.

КӨК КИТ



АЛЬБАТРОС



ШАҒАЛА



ПИНГВИН



ИТБАЛЫҚ



ТЕҢІЗ ПІЛІ



КАСАТКА



КАШАЛОТ





СЕН КӨРУГЕ ТИС ЖЕРЛЕР



Антарктидада ондаған елдің 80-нен астам ғылыми станциясы жұмыс істейді.


•Зерттеу бағыттары:

•Климат өзгерісі мен мұз қабаты

•Атмосфера мен озон қабаты

•Жер сілкінісі мен геология

•Жануарлар дүниесі



•Бұл жер тек суық емес, сонымен бірге құрғақ құрлық. Кейбір аймақтарда жүздеген жыл бойы жаңбыр да, қар да жаумаған.

•Желдің жылдамдығы сағатына 320 км-ге дейін жетеді (катабатикалық желдер).

БІЛГЕНІҢ ЖӨН:

**«Восток» станциясында
зерттеушілер Жер шарындағы ең
төменгі температураны – 89,2 С
тіркеді**

**Озон қабатының Антарктида
үстінде жұқарып сөгілуінен
мұздықтардың еру қауіпі төніп
тұр**

**Антарктида материгі
ешқандай мемлекетке
тиесілі емес, бұл жерде
тек ғылыми зерттеулер
жүргізіледі**

**2011 жылы Қазақ география
қоғамы ұйымдастырған тұңғыш
қазақстандық автокөлік
ғылыми экспедициясы оңтүстік
полюске жетіп, Амундсен
экспедициясының 100 жылдығы
мен Қазақстан тәуелсіздігінің
20 жылдық құрметіне ту тікті**



**Антарктидада сөнбеген
жанартаулар бар, олардың ең
ірісі Росс түбегіндегі Эребус
жанартауы (3794 м)**

